

ӘОЖ 81-29:05.035.56

**ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ ГЕТЕНІҢ ТАБИҒАТ ЛИРИКАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК
ТАНЫМ ҮНДЕСТІГІ**

Сейсеннова Айнаш Байкенжеқызы

seiskenova_ainash@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің
аударма теориясы және практикасы кафедрасының
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Мұратова Г.Ә.

Шәкәрімнің табиғатты жырлайтын өлеңдері ұлы Абайдың ақындық дәстүрінен нәр алған сабақтастықты нақ айқындайтын көркемдік пен танымдық өлшемдері қатар өріліп, бүкіл шығармашылығына сәуле шашып тұратын синкретті туындылар. Осыған байланысты ақынның табиғат лирикасы ғаламның тұтастық идеясының көріністерін жаппай ашуға арналған мазмұндық байланысы бар өлеңдерден тұрады. Сондай-ақ, Шәкәрім табиғаты жеке-жеке пейзажды сурет кескіндері емес, барлығы да бір құдайдан жаратылғанын паш етіп тұратын тірі бүтіндік. Әсіресе, ақынның «Әбден толып жарық ай», «Ақыл құсы адаспай аспандаса», «Шам жардан жарықпын деп күнәлі боп», «Тауық неге шақырар сағат сайын», «Тәңірі мен жан» сынды табиғатты жырлайтын көлемді өлеңдері жоғарыдағы ойымызды айғақтай түседі. Мысал ретінде «Әбден толып жарық ай» өлеңінің бірінші шумағын алып қарастыралық:

Әбден толып жарық ай,
Жоғарылап өрледі.
Таласып жарға байқамай,
Нұры кемін көрмеді [1,255].

Осы сынды Шәкәрім өлеңдерінде жиі ұшырасатын «жар» сөзі оның табиғат лирикасында да өз мәнісін жоғалтпай, өлеңнің идеясын ашуда шешуші рөл атқарып тұрады. Ақынның рухани кеңістігіне бойлай отырып, оның лирикасындағы әрбір сөз қолданысының тылсым сырының астары бір емес, бірнеше таным жүйесінің бүр жарған жемісі екенін мойындауға тура келеді. Сол себептен, оның поэзиясы – «Үш анық» философиялық еңбегінде қарастырылатын негізгі объектілердің ғылымға дейінгі, ғылыми, ғылыми емес саналатын таным жүйелері тұрғысынан зерттелу нәтижелерінің поэтикалық көркем жемісі сынды.

Шәкәрім философ, тарихшы, ғалым, ақын, фольклорист, күйші, композитор болумен қатар теософ, әлемдік дін және эзотериялық ілімдердің неше атасын тексерген ойшыл ретінде өлеңдеріндегі ғашық жар ұғымын ғаламдық жиынтық образға, квинтэссенциялық мағынаға ие эстетикалық категорияға айналдырған. Сондықтан, ғашық жар – әмбебап бейне, ғаламдық мәңгілік сұрақтардың ауыр жүгін белі қайыспай көтеріп тұрған барлықтың баламасы, жүрекпен сезінуді қажет ететін символ. Шәкәрім өлеңдеріндегі жар символы метафизиканың негізгі предметі – ақиқаттың әр түрлі метафоралық атрибутикасы ретінде: жар-ақиқат «менің жарым қыз емес, хақиқаттың шын нұры», жар-нұр «жар есіркеп, бері қарап нұрына жүрек қанған күн», жар-құдай «өмір сырын көздесең, жарға шоқын, жаннан без», жар-жан «жарынан бөлек жаны жоқ» деп жырлануы оның шығармашылығындағы аксиологиялық құндылық болып табылады. Ол осы ғашық жарды іздеудің ауыр жолында («жардың жолы қиын жол») өзіне дейінгі ғылымның жетістіктерін, әлемдік діндер тарихын, мәдениетін, спиритизм, телепатия, фахризм, лунатизм, магнетизм сынды мистикалық тағы да басқа таным жолдарын синтездей келе, әлемді пантеистік рухани және табиғи тұтастықта қарастырады.

Әдебиетте шарттылық көп. Алайда суреткердің жер бетінен іздеп таба алмаған, не жоғалтқан идеалының ғашық жар бейнесінде берілуі әлемдік әдебиетте ақиқаттың көркемдік өлшемі ретінде өз шешімін тауып келе жатқан құбылыс. Осы ретте батыстағы классицизм, барокко, ренессанстық, сыни, ағартушылық реализмдер мен романтизм, рококо, сентиментализм сынды жазба әдебиетке бай бағыттардың мектебінен шыққан Шиллердің досы, Гегельдің замандасы Гете мен Шәкәрімнің көркем объектілерінің ұқсастығы уақыт пен кеңістік сынды шартты ұғымдарды талғамайтын құбылыс екенін байқатады.

Әлемді біртұтас жаратушы ие тұрғысынан қарастыру Гетенің «Фауст» трагедиясында толық көрініс береді. Трагедиядағы іс-әрекеттер өтетін орындар: аспан жер, жұмақ, тозақ, ал кейіпкерлері: құдай, аруақтар, періште, шайтан, албастылар болып келеді. Шығармада о дүние мен бұ дүниенің, адамдар мен аруақтардың, рух пен табиғаттың ара жігін ажырату қиын. «Фаусттың» 1-бөлімінде шайтанның үйіне ит болып келгенін сезген Фауст «Сүлеймен кілті» атты еврейлердің қасиетті көне кітабынан дұға оқитын тұсы бар:

Фауст

Айуанды ауыздықтау үшін мен
Сиынамын төрт ауыз сөз күшіне:
Саламандра, жалында!
Ундина, балкы да,

Сильф, жарқыра!

Кобольд, тез жет алқына!
Төрт қара күш
Дүниені билеген
Шебер емес қасиетін білмеген [2, 31].

Осындағы төрт қасиеттің иесі: от, су, топырақ және ауа екенін автор табиғи күштердің аңыздағы атаулары арқылы түсіндіріп тұр. Саламандра – ортағасырлардағы Сүлеймен патша туралы аңыздар бойынша отқа жанбайтын жәндік болған соң от иесі атанған, Ундина – су иесі болса, Сильф – ауа рухы, ал Кобольд – жер иесі [3, 234]. Автор Фаусттың шайтанды аластау тәсілі ретінде қолданған осындай оккультті элементтер трагедияның бас-аяғында үнемі кездесіп отырады. Екінші бір назар аударатынымыз – осы көріністегі Мефистофельдің есікке қағылған пентаграммадан қорқу себебі. Еуропа халықтарында есіктің жоғарғы жағына магиялық бесжұлдыз таңбасын қағып қоюды әр түрлі жын-перілердің рухын аластау үшін қолданса керек. Бесжұлдыз креске керілген Христостың бейнет шегуші әулиелік-символдық таңбасы болып есептелінген. Мистикалық негіздерде бас жағы жоғары қаратылған пентаграмма құмарлықтарын еркіне бағындыра алатын күшті адам дегенді де білдірген [4, 84]. Гетенің мысалында Фауст – шамадан тыс рухани күш иесі ретінде табиғи төрт стихияның қасиетін игеруші адам. Ал Шәкәрім өлеңдерінде табиғаттың кез келген құбылысының өзі тән, жан, рух үштігінің бірлігі, алдымен жан мен тән екі түрлі субстанция ретінде қарастырылады:

Басында жан мен дене екі басқа

Жан шыдап тұра алмайды қозғалмасқа

Дене сауыт сықылды жанның орны,
Оған да күту керек бұзылмасқа [1, 106].

Немесе: «жан-өзің, дене-киім», ал «Тіршілік, жан туралы» өлеңінде тәнге байланысты былай айтады:

Дене сезіміне нанба!

Сағым су ма екен?

Барып көрсең таяу сол маңға,
Бар дене, сезім түгел алдайды,
Бұл сөзімді әбден аңда [1, 327].

Гете тәннің тұрақты өзгерісі жайлы табиғаттағы мәңгі қозғалысқа қарап, дәл осы ойды өлеңмен түсіндіреді:

Только б час над ранним краем
Внешний трепет простоял!

Но уж белый дождь сдуваем

Теплым ветром, замелькал.
Надышаться не успеем
Влажной зеленью в бору,

Как глядишь, смятен Бореем,
Лист трепещет на ветру [5, 728].
немесе:
Пусть кануны и исходы
Свяжет крепче жизнь твоя!
Обгоняя бег природы,
Ты покинешь и себя [5, 728].

Бұрынғы бабамыз айтып өткен сағым судай бұлдыр дүние, материалды әлем бір күйден екінші күйге өзгеріп отыратындықтан қолда ұстап қалу мүмкін емес, алдамшы екенін жырлай отырып Шәкәрім қозғалыс туралы: «..Егер қозғалыс притяжение, отрицание өзіне тарту әрі итеру заңымен делінсе, ол қозғалысқа да себеп керек. Ол заңды салушы керек, және атом сияқты түп негізінде ерлі-қатынды сипат бар», - деп түсіндіреді [6, 26]. Мұнда дене толықтығы тартылыс пен қозғалыс және үйлесімге келтіруші себеп үштігі делінсе, жан өз кезегінде өз қарама-қайшылығы өзіндегі үштіктің бірлігі:

Жан мен дене – қосылған ерлі-қатын,
Екеуінен шығады көңіліміз [1, 106].

Гетенің поэзиясында табиғаттың Тәңірмен тұтастығы дәл осындай шешім тапқан: табиғатты Гете Шәкәрім сынды өзіне тарту, әрі итеру және қозғаушы себеп немесе жоғары өрлеуші үштік принциптің өмірі деп қарастырады.

Жан мен денені өзара ұлы тартылысқа әкеліп тұрған көңілді жүрек, тілек, махаббат, Шопенгауэр айтқан еріктің әлем ретіндегі көрінісі десек те, біржола үгіліп кетпей ұсталып тұрған тастағы тартылыс – махаббат; өсімдіктегі, жан-жануардағы, адамдағы, өмірге құштарлық та; бәрі де жаратқанның жар бейнелі мәңгі арулық уыз дүниесінің жемісі екенін Шәкәрім өлеңмен былайша өрнектейді:

Шын асықтың әрбірі
Өліп топырақ болды да,
Жаратылыстың тағдыры
Жаратты мені орнына.

Бәрінің нұры қосылған
Мол керемет менде бар
Жалғыз жарға шоқынған
Қайда мендей пенде бар [1, 238].

Шәкәрім мен Гете табиғатты тұтастық пен жекелік, оған деген махаббат объектілі және субъектілі екі жақты қатынаста болатын жағдай ретінде қарастырады. Қос ақынның поэзиясында адам өзінің құдайлық бөлшек екенін тануы бір мезетте абсолюттен жекелікке, жекеліктен абсолютке қарай жүретін процесс. Адамның әлеммен тұтастығын сезінуі соңғы сатыларында танымнан да жоғарғы сүйіспеншілік, махаббат арқылы келетінін Шәкәрім:

Жасырып тұр жар өзін,
Бас көзімен қарама.
Жүрегіңнің аш көзін,
Жанның сырын арала [1, 238], -

деп жырласа, Гетенің өлмес «Өсиет» өлеңінде де жар-ғаламның ақиқаты ұлы жүректерде ғана ашылады:

Издревле правда нам открылась,
В сердцах высоких утвердилась:
Старинной правды не забудь [5, 736]!

Бұл ой Гетенің «Диуанында» тұтастай байқалады. Гете-спинозист, алайда «Диуанының» негізгі дүниетанымдық астары мұсылмандық діни - мистикалық ілім – суфизм болып табылады. Спинозизм мен суфизмдегі ортақтық деп екі ілімнің де әлемді құдаймен біріктіруін айтамыз. Гетенің суфизм ілімінен ең негізгі қабылдағаны құдай мен табиғат, адам мен құдай біріге алады деген идея болатын.

Шәкәрім мен Гете шығармашылығында суфизмнің әсері бар екенін жар деген сөздің өзі айқындап беріп тұр. Шәкәрім де, Гете де Шығыстың сарындарын, бейнелерін, идеяларын кеңінен қолданған. Алайда, Шығыс үлгісінің жаңғыруы бұл ақындарда поэзиядағы тиімді сөз ойнату мағынасында емес, керісінше шығыстық классикалық образдарды интерпретациялай отырып, өз эстетикалық және дүниетанымдық концепцияларындағы күрделі мәселелерді шешу мүмкіндігі бар көркемдік тәсіл ретінде қолданған.

Шәкәрім терең танымның иесі ретінде шала сауатты молда, имамдарға, надан ортаға қарсы «пұтқа табынушы», кәпір деген аттан қорықпай, табиғаттан өзіне демеу сұрап:

Гайсадай жан беретін таңның желі,
Қайғымды желге ұшырып, тірілт мені!

Ақылым, кәрілікке жабырқама

Талпынып тағы да ақтар дүниені [1, 162],-
деп толғанса, Гете болса рухына күш-қуат дарытуын найзағайдан былайша өтінген:
Исцели, гроза, мне сердце,

Дай с невзгодой побороться [5, 623]!

Гетенің өмірге, табиғатқа, сұлулыққа деген қатынасының өзі діни қатынас болғаны туралы Л.М.Тетруашвили Гетенің хатшысы И.П.Эккерманмен болған әңгімесіне сүйене отырып былай тұжырымдайды: «Ақынның Христос жайлы түсінігі табиғаттағы пантеистік құдайды түсінуімен, мысалы Күнге табынумен бірдей деп айтуға болады» [7, 50].

Шәкәрім үшін де нағыз дін Тәңір жаратқан табиғаттағы сансыз кереметтің шындық өмірдегі жанды ақиқат екенін білуден басталады. Оны ақын өлеңінде еш астарламай-ақ тура айтады:

«Ана сансыз кереметті
Кім жаратса, – тәңірі сол!» -
Десе нетті,
қойса бетті,
Хақиқатқа жайнаған.

Шала дін мен қате пәннің
Сөзіне ерме, маған ер.
Міне жаның, міне тәңірің,
Міне дінің, міне иман [1, 267].

Шәкәрімнің табиғатқа табынуын адамзат баласының «сәби кезеңіндегі» пұтқа табынушы сауатсыз дүниетанымына баласақ әділетсіздік болар еді. Өйткені, ақын табиғаттан ең бірінші жаратқанның құдыреті толықтығын көреді:

Нәресте, жас, күнәсіз күн мен айым,
Етегіңе қол тисе, адаспайым.
Жаратқанның құдіреті толықтығын
Сенің мінсіз нұрыңнан байыптайым [1, 260].

Шәкәрім дүниетанымындағы табиғатты сүюдің тамыры қазақы қанына біткен қасиет ретінде танылады. Табиғатты өздерін асыраушы, жебеп-желеуші, қамқоршы Тәңірдің сыйы деп түсінген көшпелі қазақ баласы үшін бұл заңды құбылыс.

Қазіргі таңдағы герменевтикалық талап (Дильтей, Хайдеггер, Гадамер) оқырманның мәтінге қатыстылығын тілеп тұратындықтан, Шәкәрім мен Гете өлеңдеріндегі жар символы бір мезетте бар мен жоқтың, хаос пен космостың, рух пен материяның, шексіздік пен шектеуліктің, қажеттілік пен бостандықтың, өмір мен өлімнің, ой мен болмыстың, ер мен әйел бастаманың, объект пен субъектінің макрокосм мен микрокосмдық үйлесімін аңсаған ғашықтықты түсінуді өлең сүйгіш қауымнан талап ететін символ. Шәкәрім осы екі

таразының басын тең ұстамау адамзатқа нәпсіқор-зұлымдықтан бейнет шектіретінін «Арақ, мастық, жар, жан, шатақ, иман, иманның шешуі» өлеңінде жан-нәпсі деп ескерте айтады.

Ақын жанды – табиғат, өмір, тіршілік дей келе, адамзат ойында келе жатқан кейбір қағидалар сында өмірді қайғы (Будда, Шопенгауэр) деп қабылдамай, керісінше, өмір кейіс емес, бейіс деп қорытындылаған.

Шәкәрім мен Гете поэзиясын мұқият оқығанда, ұлы ақындар ғаламның айтқан сырын пенделердің тіліне аударушы өкілдер ретінде адамзат алдында сөз алып тұрған пайғамбарларға айналып кеткендей әсер береді. Олар өздерінің тағдыр-талайымен күресе жүріп, жаратылысымен бірге біткен ақындық тамаша таланттары арқылы азаматқа тән асыл міндеттерін орындап кеткен. Ақындықтың өзі табиғат арқылы жаратқанның сыйлаған жан сұлулығы екеніне қос ақынның поэзиясы шәк келтірмейді. Сондықтан олардың өлеңмен өрілген өмірлері де ғалам тынысымен бірге жасасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса бермекші.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. Өлеңдер, дастандар, қара сөздер. Құраст. М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, (А.Құдайбердиев), Алматы, 1988, 560 б.
2. Гете И.В. Фауст. Неміс тілінен аударған М.Құрманов, Алматы, Жазушы, 1982, 200 б.
3. Зарубежная литература, Москва, 1977, 234 с.
4. Папюс. Оккультизм, Селена, 1994, 512 с.
5. И.В.Гете. «Фауст». Лирика, Москва, 1986, 767 с.
6. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық, Алматы, 1991, 80 б.
7. Тетруашвили Л. Проблемы пантеизма в лирике Гете //Гетевские чтения, 1991, Под ред. С.В.Тураева, Москва, 1991, С. 9-69.